




КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№8 11 мамыр 2020 жыл дүйсенбі



№8 11 мамыр дүйсенбі


КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



08.05.2020 ж. Колледждің Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен "Ерлер жердің қорғаны" тақырыбында 109 топ студенттерімен, "Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім – Бауыржан Момышұлы" тақырыбында 202 топ студенттерімен, "Ұранды елдің ұрпағы қайсар" тақырыбында 312 топ студенттерімен қашықтықтан тәрбие сағаттары өткізілді.



Облыстық «Адалдық – адамдықтың белгісі» онлайн пікір сайыс турнирінен 1 - орынды Темірболат Н. және «Үздік талпынысы үшін» Амангелді Ұ. марапатталады. Жетекшісі: №1 әлеуметтік-экономикалық пәндер оқытушысы Ж.Н. Айдабосынова.



«Рухани жаңғыру» ақпараттық – сараптамалық орталығының Бас редакторы Б.Тұякбаев анатомия пәнінің оқытушысы А.Б. Айдаралиеваға «Ұлы Дала Ұстазы» халықаралық ғылыми - педагогикалық журанлының дамуына елеулі үлес қосып, өз тәжірибесін еліміздің педагогикалық қауымымен бөліскені үшін Алғыс хатпен марапатталды.



«ZIAT» ғылыми – әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Үздік әдістемелік әзірлеме», «Сабаққа арналған үздік презентация» атты V Республикалық сайысында I орынға ие болған анатомия пәнінің оқытушысы А.Б. Айдаралиева дипломмен марапатталды.





«ZIAT» ғылыми – әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Үздік әдістемелік әзірлеме», «Сабаққа арналған үздік презентация» атты V Республикалық сайысында I орынға ие болған анатомия пәнінің оқытушысы Н.Б. Бердіш дипломмен марапатталды.



«ККО.kz» веб-сайтымен ұйымдастырылған «Психология» пәні бойынша Республикалық қашықтық олимпиадаға қатысып, Мейіргер ісі, 204 топ студенті Аманкелді Ж. I дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі А.Н.. Оскенбаева.



«Сова» халықаралық интеллектуалды білім орталығының ұйымдастыруымен биология пәні бойынша қашықтықтан өткен олимпиада да I орынға ие болған «Мейіргер ісі» I курс студенті Жалғасбаева Ж. дипломмен марапатталды. Жетекшісі биология пәнінің оқытушысы А.Т. Көбегенова.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

Педагогикалық кеңес 1

Әдістемелік кеңес 2

Республикалық семинар 3

Әдістемелік мектеп отырысы 4

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні 5

Ұлы Жеңіске 75 жыл! 6

Түлектермен кездесу 7

Құттықтаулар 8

Түлектермен кездесу 7



30.04.2020 ж. «Колледжден кейінгі өмір» тақырыбында колледж түлектерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында түлектер өздерінің өмірлерін, жеткен жетістіктері, оның адам өмірінде алатын орны, маңызы жайлы айтып, білім берген алтын ұя оқу орнына рахмет айтып, ризашылықтарын білдірді.

Құттықтаймыз! 8



«ZIAT» әдістемелік орталығының «Заманауи сабақ» және «Педагогикалық идеялар» атты қашықтықтан өткізілген VI Республикалық педагогтар сайысында колледжіміздің оқытушысы А.Т. Парманова қатысып I-орынға ие болды.



Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры Б.А. Ердембеков колледж әдіскері Л.К.Батаеваға «шет тілін оқытудағы инновациялық технологиялар» атты республикалық ғылыми – әдістемелік семинарда инновациялық технологияларды қолдануда бағдар беруде қосқан үлесі үшін алғыс білдіріп, Алғыс хат жолдады.



ZIAT әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі» атты V Республикалық педагогтар сайысында, «сыныптан тыс іс-шаралар» номинациясы бойынша I орынға ие болған мейіргер ісі пәнінің оқытушысы С.Г. Бибосынова дипломмен марапатталды.

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <http://mc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> https://www.instagram.com/zhmk_zhambyl.kz



Педагогикалық кеңес

1

18.04.2020 ж. Колледжде «Mirapolis Virtual Rom» платформасы арқылы On-line форматта №4 педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңеске 108 адам қатысты. Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде 4 мәселе қаралды:

1. Қашықтықтан білім беру технологиясын пайдалана отырып оқу үрдісін ұйымдастыру. Баяндамашы: Қуанышбекова Л.Т. директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.
2. «Информатика» пәнінің оқытылуы мен білім сапасы. Баяндамашы: Шужеева Ж.Л. оқу бөлімінің меңгерушісі.
3. «Фармакология» және «Латын тілі» пәндерінің Оқытылуы мен білім сапасы. Баяндамашы: Мадibraимова А.М. бөлім меңгерушісі.
4. Студенттердің бос уақытын ұйымдастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының сапасы. Баяндамашы: Үсенов Р.Б. құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі.

Әдістемелік кеңес

2

23.04.2020ж. Колледжде әдістемелік кеңес өткізілді. Күн тәртібінде келесі 3 мәселе қарастырылды:

1. Білім сапасы және мониторинг орталығының I – жартыжылдық
3. Салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесінің сапасы мен ұйымдастырылуы. Жауапты: Мейрманова Л.К.
2. «Дене шынықтыру» пәнінің оқытылуы мен білім сапасы. Жауапты: Қалымбетова Ж.Б. сараптамасы. Жауапты: Мураталиева Н.М.

Республикалық семинар

3

29.04.2020 ж. Колледжде техникалық және кәсіптік білім беру саласында ынтымақтастықты нығайту мақсатында on-line тәртібінде «Медициналық колледждерде оқу үрдісін ұйымдастыруда қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану» тақырыбында республикалық семинар өткізді. Семинарға 40-тан аса республикалық медициналық колледждері қатысты. Семинарды колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова жүргізді. Директордың орынбасарлары Қуанышбекова Л.Т. «Қашықтықтан білім беру технологиясы арқылы оқу үрдісін ұйымдастыру», Андақұлова Қ.Т. «Дистанционное обучение в Жамбылском высшем медицинском колледже путем применения системы электронного обучения Moodle» тақырыптарында, сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан жоғары медициналық колледжі, Д. Калмагаев ағындағы Семей мемлекеттік жоғары медициналық колледжі, Алматы қ. «Интердент» жоғары медициналық колледжі, Талдықорған жоғары медициналық колледжі, Түркістан жоғары медициналық колледжі, Ақтөбе қ. «Баишев» жоғары медициналық колледжі, Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі, Өскемен жоғары медициналық колледжі оқытушылары баяндама жасап, қашықтықтан білім беру технологиясын оқу үрдісінде қолдану бойынша тәжірибе алмасты. Күн тәртібіндегі сұрақтар талқыланып, семинардың Қарары қабылданды.

Әдістемелік мектеп отырысы

4

06.05.2020ж. ҚР Білім және ғылым министрінің 01.04.2020 ж. №123 «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту» туралы бұйрығына сәйкес студенттерге қашықтықтан оқыту жүйесіне көшуде Жамбыл жоғары медициналық колледжі оқытушылары білек сыбанып, тәуекелге бел буып, ынтымақпен белсене араласып кетуінің нәтижесінде сапалы білім берілуіне өз септігін тигізді. Колледж ұжымы қиындыққа мойынсынбай қызу жұмысқа кірісіп, сын сағатта өз қызметтерін жоғары дәрежеде атқаруда. Әдістемелік кабинет осы оқу жылындағы

жоспарланған жұмыстарды on-line тәртібінде өз деңгейінде атқаруда. Әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен «Білім беру технологиялары мен әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары» тақырыбында кезекті әдістемелік мектеп отырысы өтті. Күн тәртібінде:

1. Оқытудың кредиттік технологиясы: орта кәсіби білім беру жағдайында қолдану перспективалары. Жауапты: Ұ.Е. Дүйсембаева
 2. Анатомия пәнін өткізуде қолданатын тиімді әдіс-тәсілдер. Жаңа технология іс-тәжірибесінде. Жауапты: А.А. Бөпеева
 3. «Менің сүйікті ұстазым» тәлімгердің іс-тәжірибесінен: «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қазақ әдебиеті пәнінде қолданудың тиімділігі.» Жауапты: Н.Ж. Абдраимова
 4. Қашықтықтан оқыту- білім берудегі жаңа технологиялардың бірі.
 - 4.1. Дистанциялық оқыту. (Қашықтықтан оқыту). Жауапты: Ж.Б.Иманбекова.
 - 4.2. Қашықтықтан оқыту барысында қолданылатын тиімді технологиялар мен әдістер. Жауапты: Л.К. Батаева.
- Семинарды колледж әдіскері Л.К.Батаева жүргізді. Жас мамандар семинарының жақсы өтуіне директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбекова сәттілік тіледі. Семинарда жоспарланған барлық сұрақтар қарастырылып, жас мамандар көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, пікірлерін ортаға салды. Колледж психологі А.Н.Өскенбаева жас мамандарға «Он бөлмелі үй» атты тренинг жүргізіп, жақсы көңіл - күй сыйлады. Семинар жоғары деңгейде өтті, өзекті мәселелер қаралып, жас мамандарға көп ақпарат берілді.

7 мамыр - Отан Қорғаушылар күні

5



07.05.2020 ж. Колледждің №1 Кәсіптік пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен ҚР Отан қорғаушылар күніне және "Ұлы Жеңістің 75 жылдығына" арналған "Ерлер – біздің қорғанымыз" атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Айтулы құттықтау ертеңгілігі онлайн түрде "Мираполис" платформасында жүзеге асырылды. Алғашқы сөзді колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова алып, колледждің ер мұғалімдерін мерекесімен құттықтады. Ары қарай "Ел ертеңі ер қолында" деген Б.Момышұлы сөзімен бастаған ЦӘК оқытушылары колледж азаматтарына сазды сәлемдеме жолды. Айтулы мереке жоғары деңгейде өтті.




Ұлы Жеңіске - 75 жыл!


6




06.05.2020 ж. Колледжі директоры, «Алау» бастауыш партия ұйымы төрайымы Ж.Н. Сарыбекованың бастауымен Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай ҰОС ардагерлері Г.П. Колесниченко мен В.В. Колесниченконы құттықтап, ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың құттықтау хаты мен жеңіс лентасы тапсырылды. 5 бала тәрбиелеп, олардан 12 немере, 14 шөбере сүйіп отырған ардагерлер: Галина Петровна - 96 жаста, Владимир Васильевич - 94 жаста. Галина Петровна Тараз қаласындағы № 27 орта мектебінде 40 жыл ұстаздық еткен соң зейнет демалысына шыққан. Құрметті соғыс ардагерлері! Қасиетті де ұлы мереке қарсаңында дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық тілеп, ерліктеріңіз үшін мың АЛҒЫС айтамыз!!!



Колледжде АӘД пәнінің оқытушысы Ж.Бегалиевтің ұйымдастыруымен «Мейіргер ісі» 108с-09/19 топ студенттері Ұлы жеңістің 75 жылдығына орай ардагерлерге құттықтау жолдады.



05.05.2020 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен колледж студенттері арасында «Ұлы жеңіске 75 жыл» тақырыбында шығарма байқауы өткізілді. Мақсаты: ерлікпен келген Ұлы Жеңістің келбетін насихаттау.



08.05.2020 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен колледж студенттері арасында "Ұлы жеңіске 75 жыл" толуына орай қашықтықтан көркем сөз байқауы өткізілді.